



**«Бала қиялын бейнелеу өнері арқылы дамыту»
авторлық курс бағдарламасы**

Құрастырған: Калиева А.М. Ойыл ауданы,
«Балдырған» бөбекжай- бақшасы» МКҚК педагог-психологы

2024 ЖЫЛ

Құрастырған: Қалиева А.М. Ойыл ауданы, «Балдырған» бөбекжай-бақшасы»МКҚК
психологы

Бұл бағдарламада мектепке дейінгі ұйымдардағы 3-4 жас шамасындағы тәрбиеленушілердің бала қиялын дамыту жолдары қарастырылған. Бала қиялын бейнелеу өнері арқылы ойната отырып дамытудың тәсілдері мен қызықты ойындар көрсетілген.Бағдарламаның бірінші бөлімі ойындардан құрылған. Ойындар алдын ала берілген тапсырмалар негізінде бейнелеуді талап етеді. Екінші бөлімде балаларға өз бетімен жұмыс жасауын қарастырған. Бұл бөлімде ұсынылған ойындар баланың өз бетімен жұмыс жасауына көңіл бөлінеді. Өз қиялындағы заттарды бейнелеуге үйретеді.

Бағдарлама мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне, психологтарға арналған.

Кіріспе

«Қиял! Мұнсыз ақын да, философ та адам болу да мүмкін емес.»
Д.Дидро

Қиялдың алғашқы көріністері 3 жасар бөбектерде байқалады. Мұны бөбектердің қызық ертегілерді шын ықыласымен тыңдауынан, ертегідегі оқиғаны шын көріп, бар ынтасымен ден қоюынан аңғаруға болады. Бір қарағанда жас бала қиялға өте бай сияқты боп көрінгенмен, ондағы образдар шындықтан өте алыс жатады. Себебі, бала санасында кез-келген нәрсенің бейнесі онай тоғысады да, бұдан керемет қиял көріністері құралады. Баланың өмір тәжірибесі өсе келе қиялы да шындыққа бір табан жақындап отырады. Мысалы, бала шимайлап қағазға бір нәрсенің суретін салады, оны (ұқсамаса да) шындықта бар нәрсеге ұқсайды деп ойлайды.

Қиял да басқа психикалық үдерістер тәрізді дамудың ұзақ жолынан өтеді. Қиялдың қарапайым түрінен бастап, шығармашылық қиялға дейінгі кезеңнің қалыптасуы нақтылы әрекетке байланысты. Сондықтан да осы кезеңдегі бала қиялын әрі қарай дамыту мақсатында бұл бағдарлама құрастырылды. Алғашқы қиял көріністері көріне бастаған бөбектердің бейнелеу өнері арқылы қабілеттері мен ойын ұштауға арналған ойындар мен тапсырмалар кіріктірілді. Бағдарламада қарастырылған ойындар қиялдың қарапайым алғашқы кезеңін дамытуға арналған.

Бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу кезінде тапсырмаларды қызықты да тартымды өткізу үшін бірнеше қағидалар ескерілуі керек:

1. Бала жетістігіне қуана біліңіз, бірақ асыра мақтамаңыз!

Баланың қызығушылығымен ойналған ойынның ғана өз жетістігі болады.

Сол сияқты шығармашылық ойындар әрдайым қызықты, көңілді өтетіндігі белгілі. Ол үшін бала қиялын дамытуға, қызығушылығын арттыруға көмектесуіміз керек. Баламен жұмыс жасағанда ересек пен бала арасында жақсы қарым-қатынас орнау керек. Бала жұмысына қуану-шаттану, мадақтау бала шығармашылығының дами түсуіне әсер етеді. Бірақ асыра мақтау да балаға зиянын тигізетінін естен шығармауымыз керек. Әсіресе, үлкен ересек топтарда ескертілуі тиіс. Әр уақытта бала мүмкіндігін көрсетіп, бұдан да жақсырақ жасай алатынына сендіріп отыру керек. Сабақ соңында бала көңіліне күш беру үшін:

- Бүгін сен қай жұмысты жақсы қиналмай жасадың?

- Ал қай жұмыста қиналдың?- деген сияқты сұрақ бере отырып, бала қызығушылығын артырып, алға ұмтылуға көмек береміз.

2. Бала ықтиярынсыз күштемеңіз!

Бала қызығушылығын бір сарынды ойындармен жалықтырмаңыз. Сабақ барысында бір ойынды қайталатып ойнату бала қызығушылығын жояды және жалықтырады.

3. Бала үшін жұмыс жасамаңыз, өз бетімен жұмыс жасауға бейімдеңіз!

Жаттығу кезінде ересек адамдар бала үшін жасап отырудан абай болғаны жөн. Баламен жұмыс кезінде ескерту сөздерді көп қолданбай, («Жоқ-жоқ!», «Дұрыс!», «Осылай!») бірте-бірте арылған дұрыс. Алғашқы жұмыс кезінде бұл сөздердің көмегі болары сөзсіз, баланы аша түседі, қанаттандырады, ұқыптылыққа, зейінді болуға көмегі тиеді. Бірақ жаймен бұл сөздерден бас тартқан жөн. Себебі, баланың өз бетімен жұмыс жасау қабілетін жойып аламыз. Айналасына жалтақ етіп тәрбиелеу қаупі бар.

4. Қандай ойыннан бастаған жөн?

Алғашқы кезде бала үшін қиындық тудыратын ойындардан аулақ болуымыз керек. Бұндай ойындар баланы қорқытып, қызығушылығын түсіруі мүмкін. Сол себептен баланың әліне қарай жеңіл ойындар таңдағанымыз жөн. Үлкен адам баланың мінезін, жұмыс жасау қабілетін, әр баланың ерекшелігін білуі керек. Алдын-ала қосымша

жаттығулар дайындаған жөн. Бала қиялын дамытуға арналған курсты бастамас бұрын алдын-ала дайындалған жоспарға сүйене отырып жасаған дұрыс.

5. Баланың еркіне қарай ойнату.

Балаға бірден жаңа ойын түрлерінен нешеуін ойнатқан дұрыс? Әрине, ойын түрлері өте көп. Дегенмен, олар бір-бірімен байланысты болуы керек. Ойынды таңдамас бұрын шығармашылық жағына мән беріп, қиялының дамуына көңіл бөлу керек. Көптеген ойынды бірден ойнату баланы жалықтырып жіберуі мүмкін. Бірақ, оның екеуі балаға таныс ойын болуы шарт. Бұл шартты қатаң ұстауымыз керек. Егер бір сабақта бірнеше ойын ойналатын болса, ойын шарттары да әр түрлі болуы тиіс. Бұл баланы шаршау мен жалығуға апармайды.

6. Ертегі көмегімен де қиялды дамытуға болады.

Көптеген дамытушы ойындарды қолданғанда ертегі көмегімен де бала қиялын дамытуға болады. Себебі, мектепке дейінгі балаларда ертегімен салыстыру арқылы қиялдауы басым. Сондықтан дамытушы ойындарды ертегі кейіпкерлерімен байланыстыра отырып өткізу бала қиялының дамуына, қызығушылығының артуына, ойлау қабілетінің дамуына үлкен септігін тигізеді.

7. Ойын еркіндікті қалайды.

Қандай ойын болса да еркін, әсіресе, бала еркімен жүріп тұратын қолайлы жерде ойналған дұрыс. Балаға ескертпе сөздер ойнатудан аулақ болыңыз!

8. Оқытудағы басты нәрсе бекіту.

Сабақ кезінде ойналған ойын түрлерін, үйде қайталап ойнау арқылы бекітеміз.

Бағдарламаның мақсаты:

Бейнелеу іс-әрекеті барысында сенсорлық, ақыл-ой, эстетикалық, адамгершілік, еңбек және дене тәрбиесін жүзеге асыра отырып бала қиялын дамыту. Баланы өмірдің көңілді сәттерін сезіне білуге, айналадағы әдемілікті көре білуге баулу. Баланың ойлау қабілетін дамыта отырып, өз бетімен жұмыс жасауын қалыптастыру.

Бағдарлама міндеті:

- Бала қиялы бейнелеу арқылы жан-жақты дамытуды жоспарлау;
- Ақыл-ойдың дамуына мүмкіндік туғызу;
- Бейнелету тәсілдері арқылы балалардың белсенділігінің арттыру;
- Өз бетінше әрекет етуіне ықпал ету.

Бағдарламаның өзектілігі:

- Бала қиялының жан- жақты дамытуын қарастыру.
- Бағдарламада бала қиялын дамытып, танымдық қабілеттерін, белсенділігін арттыру.

Бағдарламаның нәтижесі:

- Бала қиялы бейнелеу арқылы жан-жақты дамиды;
- Есте сақтауы және ұсақ қол моторикасы дамиды;
- Суреттер негізінде жүйелі сөйлеулері дамиды;
- Өз бетімен жұмыс жасауға үйренеді;
- Өзіндік эстетикалық талғамы қалыптасады;
- Баланың өзіне деген сенімділігі артады.

I Тарау
«Бояулар патшалығына саяхат»

№	Тақырыбы	Мақсаты	Қажетті құралдар	Сағат саны
1	«Үй салу»	Балалар қиялын анықтау.	Жай және түрлі түсті қарындаштар	1
2	«Батыр қоян»	Балалар қиялын анықтау.	Қоян суреттері, «Қорқақ қоян» ертегісі	1
3	«Мүсін»	Балалар қиялын анықтау.	Балаға ермексаз немесе түрлі түсті слаймдар жинағы беріледі	1
4	«Түстер бізде қонақта»	Балалардың суретке деген қызығушылығын арттыру, қиял көріністерін, түстер туралы түсінігін бақылау, анықтау жұмыстары.	Қарандаш атрибуттар, түстерге байланысты үстел үсті дидактикалық ойындар.	1
5	«Түс және пішін»	Жүйелі ойлауын, түстерді қабылдауын, топта өзін еркін сезінуін қадағалау, анықтау.	Геометриялық пішіндер (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш) жай қарындаш, түрлі-түсті бояулар. Дидактикалық ойындар	1
6	«Ғажайып алақан»	Қызығушылығын арттыра отырып, бала қиялын дамыту, өз бетімен әрекет етуге үйрету.	Үлгі суреттер, ақ қағаз, жай қарындаш, өшіргіш, сыр бояулары мен қылқалам бала санына қарай.	1
7	«Сиқырлы тамшылар»	Бала қиялын дамыту, жүйелі ойлауын, графикалық контурмен сурет салуға машықтандыру.	Қатты ақ қағаз, езілген бояулар мен қылқалам. (бала санына қарай)	1
8	«Мейірімділік және қаталдық»	Жүйелі ойлауын, қиялын дамыту. Эмоциясын, суретке деген қызығушылығын арттыру.	Ертегі кейіпкерлері бейнеленген карточкалар, әр түрлі сезім дүниесі мен эмоциялар, қылқалам мен сыр бояулар.	1
9	«Оригами»	Бала қиялын дамыту, арақашықты сақтауға, саусақ бұлшықеттерін дамыта отырып, бейнелеу өнеріне деген талғамын жетілдіру.	Бала санына қарай контур сызығы арқылы бейнеленген екі сиқыршының суреті. жай қарындаш, түрлі-түсті бояулар мен фломастерлер.	1
10	«Сиқырланған	Бала қиялын, жүйелі	Бала санына қарай	1

	орман»	ойлауын дамытып,әсемдікке баулу.	аяқталмаған орман суреті бейнеленген текшелер,өшіргіш,жай қарындаш.	
11	«Ою-өрнек»	Қиялды дамыту,ою-өрнек түрлерімен таныстыру.Суретке деген талғамын арттыру.	Сиқырлы сандықша,ою-өрнектүрлері.аяқталмаған бейнелері бар текшелер,бала санына қарай қылқалам мен сыр бояулары. Марблас тастар	1
12	«Әсем шарлар аспанда»	Бала қиялын,жүйелі ойлауындамыту. Бейнелеуді үйрете отырып,талғамын арттыру.	Түрлі –түсті шарлар, Қылқалам мен сыр бояулары. Жай әуен.	1
13	«Пішіндер арқылы сурет салу»	Бала қиялын дамыту,жүйелі ойлауын дамыту. Конструктор арқылы сурет салуға,ара қашықтықты сақтай отырып жұмыс жасауға үйрету.	Тақта,түрлі- түсті геометриялық пішіндер.(дөңгелек,үшбұрыш,шаршы,тік төртбұрыш)бала санына қарай	1
14	«Аяқталмаған суреттер»	Жүйелі ойлауын,қиялын дамыту,графикалық дағдысын қалыптастыру.	Аяқталмаған суреттер бейнеленген текшелер бала санына қарай.жай қарындаш,өшіргіш,түрлі-түсті бояулар мен фломастерлер.	1
15	«Заттар көлеңкесі»	Бала қиялын дамыту,жүйелі ойлауын,суретке деген қызығушылығын арттыру.	Бала санына қарай заттар көлеңкесі бейнеленген текшелер.жай қарындаш,өшіргіш пен түрлі-түсті бояулар.	1
16	«Тастағы суреттер»	Бала қиялын дамыту,ойлау қабілетін арттыру.Өз бетімен жұмыс жасауға дағдыландыру	Үлгі сурет,сыр бояулары мен қылқалам.Бала санына қарай.	1
17	«Жасырынған суреттер»	Бала қиялын дамыту,жүйелі ойлау қабілетін арттыра отырып,суретке деген қызығушылығын ояту.	Геометриялық пішіндер бейнеленген үлестірмелі текшелер 2-3 ақ қағаз,түрлі –түсті бояулар мен жай қарындаш	2
18	«Суретшіге көмектесеміз»	Бала қиялын дамыту.Жүйелі ойлау қабілетін,графикалық контурмен сурет салуға машықтандыру.	Бала санына қарай геометриялық пішіндер мен сызықтар жай қарындаштар мен түрлі-түсті бояулар.	1

II Тарау
«Қызықты сабақ- қиялға қанат»

19	«Суретшілер галереясы»	Қиялын, жүйелі ойлау қабілетін, өз бетімен жұмыс жасау қабілетін дамыту. шағын балалар галереясын ұйымдастыру. Балалардың өз қалауы бойынша суреттер бейнелету. Өткен сабаққа рефлексия.	Түрлі үлгі суреттер, түрлі-түсті бояулар.	1
20	«Үй саламыз»	Бала қиялын, жүйелі ойлау қабілетін дамыту. Ара қашықтықты сақтауға үйрету. Құрастыру қабілетін дамыту.	Ақ қағаз, бала санына қарай жай қарындаш, сыр бояулары мен қылқалам.	1
21	«Қызықты алақан»	Бала қиялын дамыту, жүйелі ойлауын, бейнелеу әрекеттерін, суретке деген қызығушылығын арттыру.	Алақанға бейнеленген суреттер, түрлі түсті бояулар, майлы бояу, жәй қарындаштар, қайшы, алақан суреттері	1
22	«Жіппен сурет салу»	Бала қиялын дамыту, ойлауын, бейнелеуге деген қызығушылығын арттыру.	Ақ қағаз, гуашь, жіп.	1
23	«Табиғатта жоқ жаратылыс»	Қиялын дамыту, зейінін, жүйелі ойлауын және сөздік қорын дамыту.	Ақ қағаз, түрлі түсті бояулар.	1
24	«Ертегілер елінде»	қиялды, бейнелі ойлауды, эмоциясын, бейнелеу дағдыларын дамыту.	әр түрлі мифологиялық тіршілік иелері бейнеленген иллюстрациялар; қағаз парағы, қарапайым қарындаш, өшіргіш, түрлі-түсті қарындаштар немесе бояулар қылқалам (әр балаға).	2
25	«Бүгін ауа райы қандай?»	қиялды, бейнелі ойлауды, бейнелеуге деген қызығушылығын арттыру.	ауа-райының схемалық кескінінің үлгілері, қағаз парағы, қарапайым қарындаш, өшіргіш (әр балаға).	2
26	«Үрмелі шардың саяхаты»	қиялды, қарым-қатынас дағдыларын, белсенді ойлауы мен сөйлеуін дамыту.	беті боялған үрлемелі шар, тақта; түрлі-түсті қарындаштар жиынтығы (әр балаға).	1
III Тарау «Қыран жетпеген жерге қиял жетеді»				
27	«Сиқырлы	қиялды, бейнелеу	қағаз парағы, қарапайым	1

	көзәйнек»	дағдыларын дамыту, ойлау мен сөйлеуді белсендіру.	қарындаш, өшіргіш, түрлі-түсті қарындаштар немесе бояулар мен щеткалар жиынтығы (әр балаға)	
28	«Модельдер үйі»	қиялды, бейнелі ойлауын, бейнелеу дағдыларын, көркемдік талғамдарын дамыту.	қуыршақтың картон моделі, қағаз парағы, қарапайым қарындаш, өшіргіш, түрлі-түсті қарындаштар жиынтығы (әр балаға).	1
29	«Жаттығу ойлап тап»	қиялды, бейнелі ойлауды, кеңістікті бағдарлауын, жалпы моториканы, графикалық дағдыларды дамыту.	гимнастикалық жаттығу жасаушы адамның схемалық суреттері бейнеленген текшелер.	1
30	«Ең көңілді»	Бала қиялын, бейнелі ойлауын, эмоциясын, бейнелеу дағдыларын дамыту.	қағаз, бояулар және қылқалам. (әр балаға)	2
31	«Саусақпен сурет салу»	Бала қиялын, бейнелі ойлауын, ұсақ моторикасын, бейнелеу дағдыларын дамыту.	қағаз парақтары, тіс пастасымен араласқан гуашь бояулары, майлықтар. (әр балаға)	1
32	«Егер де мен...»	балаларды қиялдауға үйрету.	Түрлі түсті борлар	1
33	«Сиқыршылар»	объектінің мінез-құлқын түс арқылы ажырата білуді үйрету.	сиқыршылардың боялмаған суреті, түрлі-түсті қарындаштар.	1
34	«Өз бетінше сурет салу»	Бала қиялын анықтау жұмыстары		1


I- Тарау «Бояулар патшалығына саяхат»

1. Тақырыбы: «Үйдің суретін сал»

Мақсаты: Баланың шығармашылық қиялын анықтау

Нұсқау: Балаға бір парақ қағаз, түрлі-түсті қаламдар беріліп, өз ойынан ерекше бір нәрсенің суретін салу ұсынылады. Тапсырманы орындауға 4 мин уақыт беріледі. Төмендегі белгілер бойынша салынған суреттің сапасы бағаланады.

- Балалар біз сурет сала аламыз ба?
- Қәне бәріміз бір ғана үйдің суретін салайықшы? (салып болған соң қағаздың келесі бетін аударамыз)
- Балалар мына пішіндердің біреуін таңдап арманыңдағы үйді салайықшы?



- Шатыры қандай?
- Қабырғасы қандай?
- Ал енді осы пішіндерді таңдап терезесін, есігін салайықшы?
(балалар пішіндерді таңдап үйді салады?)
- Сенің үйің қандай?
- Неден жасалған?
- Сенің үйің қай жерде орналасқан?
- Ол кімдер тұрады? Сұрақтары арқылы бала қиялын бақылау

Нәтижені бағалау:

5 ұпай – бала берілген уақыт ішінде өзгеше сирек кездесетін сурет салды, ол қиялының бай екендігін дәлелдейді. Ондағы бейнелер мен бөлшектер мұқият таңдалынған.

4 ұпай – бала белгілі дәрежеде қияли деңгейде эмоционалды сурет салған. Алайда бейнеленгенді мүлдем жаңа деп санауға болмайды. Суреттің бөлшектеріне өз ойын жеткізген.

3 ұпай – баланың ойынан шығарған суретін толықтай жаңа деп есептеуге болмайды, бірақ та шығармашылық қиялдың элементтері бар, Суреттің бейнелері мен бөлшектері орташа анықталған.

2 ұпай - бала өте қарапайым, өзгеше емес үйдің суретін салған және қиялы жұпыны, бөлшектері онша жақсы анықталмаған, анық емес.

1 ұпай – берілген уақыт ішінде бала ешнәрсе ойластыра алмай, тек бөлек сызықтар ғана салған.

Даму деңгейінің нәтижелері:

5 ұпай - өте жоғары

4 ұпай – жоғары

3 ұпай – орташа

2 ұпай – төмен

0-1 ұпай - өте төмен

2. Тақырыбы: «Батыр қоян»

Мақсаты: Бала қиялын анықтау. (Көгілдір экран арқылы сөйлету)

Орманды бір қоян мекен етіпті. Барлығы оны «қорқақ» деп мазақтайды екен. Бірақ бір күні барлық аңдар қоянның нағыз батыр екенін түсінді. Ол былай болған еді... (балалар өз қиялдары бойынша әңгімелейді) Ойланып, әңгіме құруға 1 минут, ал оны қайталап айтуға 2 минут уақыт беріледі.

Қорытынды баға

Бұл әдісте баланың қиялының даму дәрежесі төмендегі шамалар бойынша бағаланады:

- 1.Әңгімені ойлану жылдамдығы;
- 2.Әңгіменің өзіндік құрылымы, ерекшелігі;
- 3.Әңгімеге пайдаланған бейнені түрлендіру;
- 4.Әңгімеде алынған бейнені анықтауы және талдауы;
- 5.Әңгімеде алынған бейненің сезімділігі, әсерлілігі

1-көрсеткіш бойынша

- Егер бала әңгіме құруға 30 сек уақыт жұмсаса –2 ұпай
- 30 секундтан 1 минутқа дейін уақыт жұмсаса –1 ұпай
- 1 минут ішінде әңгіме ойлап таба алмаса – 0 ұпай

2 – көрсеткіш бойынша:

- Егер бала бұрын көргенін, не естігенін қарапайым және жаттанды түрде әңгімелесе –0 ұпай
- Бұрын көргеніне, не естігеніне өз ойын қосса – 1 ұпай
- Әңгіменің құрылымы мен ерекшелігін түгел өзі ойлап тапса –2 ұпай

3 – көрсеткіш бойынша:

- Егер бала әңгіменің басынан аяғына дейін бір кейіпкердің (жағдайын, затын) мінез-құлқын жалаң түрде қайталап айта берсе – 0 ұпай
- Әңгімеде әртүрлі бейне қолданса, 2-3 кейіпкер кездесе және оларға әртүрлі мінездеме берілсе – 1 ұпай
- Әңгімеде 4 және одан да көп кейіпкерлер болса және әңгімелеуші оларға әртүрлі бағытта мінездеме берсе – 2 ұпай

4 –көрсеткіш бойынша:

- Егер бала әңгімеде кейіпкерді атап қойып, оған қосымша мінездеме бермесе – 0 ұпай
- Әңгімеде кейіпкерді атаса және басқа 1-2 белгі көрсетсе –1 ұпай
- Әңгімеде айтылған затты үш және одан да көп белгімен мінезделсе – 2 ұпай

5 – көрсеткіш бойынша:

- Егер әңгімедегі бейне тыңдаушыға ешқандай әсер қалдырмаса, әңгімелеуші өз тарапынан ешқандай сезім тудырмаса –0 ұпай
- Әңгімелеуші өз сезімін жеткізе алмаса, тыңдаушы оны әсерсіз қабылдаса –1 ұпай
- Әңгімелеуші әңгімесін үлкен сезіммен, мәнерлеп жеткізсе және тыңдаушыларға жақсы әсер қалдырса –2 ұпай

Қиял деңгейінің көрсеткіші

- 10 ұпай - өте жоғары
- 8-9 ұпай – жоғары
- 4-7 ұпай – орташа
- 2-3 ұпай – төмен
- 0-1ұпай - өте төмен

3. «Мүсін» әдістемесі

Әдістеме мазмұны: Балаға ермексаз немесе түрлі түсті слаймдар жинағы беріледі және тапсырма ұсынылады: 5 минут ішінде қандай да бір мүсін жасау.

0-ұпай: егер тапсырманы орындауға берілген уақытта (5мин) ештеңе ойлап таба алмаса және қолымен жасай алмаса қойылады..

1- ұпай: ермексаздан өте қарапайым бір нәрсені ойластырып және илеу.
Мысалы: шарик, таяқша, төртбұрыш және т.с.с.

2- ұпай: ол салыстырмалы түрде қарапайым бөлшектер жасайды, бөлшектер екі-үшеуден аспайды.

3- ұпай: ерекше бір нәрсені ойлап тауып, қиял ұшқырлығымен ерекшеленеді.

4- ұпай: ойлап тапқан зат жеткілікті керемет, бірақ ұсақ бөлшектерді жасау ескерілмеген.

5 ұпай: ойлап тапқан зат керемет, ұсақ –түйектері орындалған және жақсы суретшілік талғаммен ерекшеленген

Даму деңгейі туралы қорытынды

5 ұпай: өте жақсы.

4- ұпай: жақсы

3- ұпай: орташа деңгей

2- ұпай: төмен деңгей

4. Тақырыбы: «Түстер бізде қонақта»

Мақсаты: Балалардың суретке деген қызығушылығын арттыру, түстер туралы түсінігін бақылау, анықтау жұмыстары.

Қолданылатын құралдар: Ақ қатты қағаз, тушь, губка, қылқалам (әр балаға) музыка

Ойын барысы:

- Қайырлы күн балалар! Мен сіздерді көргеніме қуаныштымын! Бүгін біз бір біріміздің алақандарымызбен амандасамыз. Ол үшін көршіміздің алақандарын ұстап Қайырлы күн! – деп айтамыз.

- Балалар бүгін біз бояулар патшалығына саяхатқа барамыз! Дайынбыз ба? Ол үшін бізге сиқырлы сақина көмектеседі.(жәй әуен.балалар шеңбермен сиқырлы сақинаны киіп шығады) Міне балалар біз бояулар патшалығына келдік! «Жоғалған қарандаш» ойынын ойнату. «Түрлі- түсті асықтар» ойыны. Балаларға әр түрлі заттарды көрсете отырып, түстерін атау ұсынылады. «Сиқырлы сақина» көмегімен бояулар патшалығынан қайту. Балалар өздерінің түстер патшалығында көрген бейнелерін қағазға салады. Балаларды мадақтау.

5.Тақырыбы: «Түс және пішін»

Мақсаты: Қиялын дамыту, жүйелі ойлауын, графикалық әдіспен сурет салуын қалыптастыру.

Қолданылатын құралдар: геометриялық пішіндер, (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш, тік төртбұрыш, сопақша әр түрлі түсте) бояулар мен түрлі түсті қарандаштар.

Ойын барысы: Балаларға әр түрлі түстегі пішіндерді бере отырып, сол пішіндерді кез келген затқа айналдыруын сұрайды. Балалар өз қиялдары бойынша пішіндерді әр түрлі заттарға айналдырады. Балаларды мадақтау.

6. Тақырыбы: «Ғажайып алақан»

Мақсаты: Бала қиялын дамыту, жүйелі ойлауын дамыту, бейнелеуге үйрету, бейнелеуге деген талғамын дамыту.

Қолданатын құралдар: Сурет үлгілері (алақан үлгісіне бейнелеген суреттер), ақ парақ, жай қарындаш, өшіргіш, түрлі-түсті қарындаш, акварель бояуы, қылқалам (әр балаға).

Ойын барысы:

Балаларға ақ қағаз бетіне алақандарын бастырып салдырамыз. Жұмыс дайын болған соң: «Балалар, бәріңізде бірдей суреттер пайда болды, ал енді осы суретті әр түрлі етіп, бір-біріне ұқсамайтын суреттер салайықшы. Жай ғана бейнені ерекше суретке айналдырайықшы. Балаларды мадақтау.

Берілген тапсырманы ерекше етіп ойлап салған бала ұтады.

Ұсыныс: Егер сурет салуда балаға қиын болып жатса үлгі суреттерді көрсетуге болады. Бірақ көшіріп салуға болмайды.

7. Тақырыбы: «Сикырлы тамшылар»

Мақсаты: Қиялды дамыту, саусақ бұлшық еттерін жітілдіру, ойлауын жетілдіру.

Қолданылатын құралдар: Ақ қатты қағаз, тушь, қылқалам (әр балаға)

Ойын барысы: Балаларға: Балалар білесіңдер ме, бұрын ерте заманда біздің әжелеріміз бен аталарымыз кішкентай сендер сияқты бала кездерінде қазіргідей қаламсап болмаған, сондықтан олар қауырсынмен жазатын болған. Қауырсынмен жазу өте қиын. Балалардың дәптерлерін жиі бояу тамшылары тамып бүлдіреді екен. Бүлінген дәптерді көрген мұғалім де, балалар да ренжиді. Бірақ, тамған бояу тамшылыры кей кездері өте ерекше болып шығады екен. Балалар ондай тамшыларды қызықтап қарайды екен. Ол тамшыларды мұқият қараса, ғажайып бейнелерді көрген мысалы аңдар бейнесі, құстар, адамдар, ертегі кейіпкерлері сияқты бейнелерді көрді. Қазір біз де ерекше тамшыларды салып көрейік.

Ұқыптылықты, тазалықты ескерте отырып, балаларға ерекше тамшылардың жасалу жолдарын көрсетеді. (ақ қағаздың дәл ортасына тамшысын тамызып бояу, қағазды ортасынан екіге бүктейміз. Жұмыс аяқталған соң педагог балаларға: «Қане, балалар өз тамшыларымызға қарап неге ұқсайтынын табайық?» деп ой тастайды.

Ұтымды да дәл жауап берген бала ескеріледі. Мадақтау.

Ұсыныс: Балаларға тамшылардан өзі ұқсатқан бейнелерді жалғастырып салдыруға болады.

9. Тақырыбы: «Мейірімділік және қаталдық»

Мақсаты: Жүйелі ойлауын, қиялын дамыту. Эмоциясын анықтап, сурет салуға қызығушылығын арттыру.

Қолданылатын құралдар: сызықшалар арқылы салынған екі сикыршы суреті бейнеленген карточкалар (бала санына қарай), жай қарындаш, өшіргіш, түрлі-түсті қарындаш, фломастерлер (әр балаға).

Ойын барысы: Психолог балаларға карточканы таратып: «Суретте сіздер екі сикыршының бейнесін көріп отырсыңдар. Енді өздерің «біреуі мейірімді, екіншісі қатал» деп ойландар да, киімін, бет-бейнесін салыңдар, бояңдар. Балаларды мадақтау.

Ескерту: Суретті салмас бұрын балалармен смайликтер арқылы эмоцияға шолу жасауға болады.

10. Тақырыбы: «Оригами»

Мақсаты: Бала қиялын дамыту, ара қашықтықты сақтауға, саусақ бұлшық еттерін дамыту, бейнелеу өнеріне деген талғамын жетілдіру.

Қолданылатын құралдар: 3-4 ақ парақ қағаз немесе дайын оригами үлгісі, жай қарындаш, өшіргіш, түрлі-түсті қарындаштар (бала санына қарай).

Ойын барысы:

Психолог жапон мәдениетіндегі оригами туралы мағлұмат бере отырып, жасау жолдарын көрсетеді. Қағаздан түрлі пішіндер жасатады. Жұмыс аяқталған соң балаларға: «Қане, бәріміз жасаған заттарымызды әдемі етіп әсемдейік. Керекті бөлшектерін бояулармен әдемілеп жасаймыз» деп тапсырма береді.

Әр түрлі үлгілерді ұсынуға болады.

Мысалы: Қалта, ұшақ, қайық, үйшік, саңырауқұлақ, бақа, гүл, пилотка, конфет т.б.

Әдемі бояған, бөлшектерін әдемілеп салған баланы ескеру. Балаларды мадақтау.

Ескерту: Бұл жаттығуда балаларға оригами жасауға үйретпейміз. Психологтың міндеті - балаларға дайын оригами үлгісін әр бала қиялымен әдемілеп, әсемдеп, түрлі-түсті бояулар көмегімен әшекейлету.

11. Тақырыбы: «Сиқырланған орман»

Мақсаты: Бала қиялын, жүйелі ойлауын дамытып, суретке деген қызығушылығын арттыру, әсемдікке баулу.

Қолданылатын құралдар: Схема арқылы сызықшалармен салынған ағаш суреттері бейнеленген карточкалар (бала санына қарай), жай қарындаш, өшіргіш, түрлі-түсті бояулар (әр балаға).

Ойын барысы.

Балаларға карточкаларды таратып, «Сіздердің алдарыңызда сиқырланған орман суреті». Сиқыршы оны көрінбейтін етіп салған, сондықтан ондағы өсімдіктер мен ағаштардың кейбір бөлшектері сіздерге көрінбейді. Бірақ, біз суретшінің жұмысын дұрыстап зейін қойып қарай отырып, сызықшаларды қосып, ағаш суреттерін саламыз. Біздің орманымыз өте әдемі болуы тиіс. Балалар жұмыстарын мадақтау.

Ескерту: Суретке ағаштардан басқа құстар, аңдар, гүлдер кіргізуге болады.

12. Тақырыбы: «Ою- өрнек»

Мақсаты: Бала қиялын дамыту, ою-өрнек түрлерімен таныстыру, суретке деген талғамын арттыру.

Қолданылатын құралдар: Қазақ халқының ою-өрнек түрлері, үлестірмелі әр балаға аяқталмаған ою-өрнек түрлері, түрлі-түсті қарындаштар, марблас тастар, бояу, қылқалам (әр балаға). Әйнек бетіндегі оюларды бояу.

Ойын барысы: Балалармен көңілді амандасу.

Саламатсыздар ма, балалар мен сендерді көргеніме қуаныштымын.

Ойын: «Текеметті жамайық» марблас тастармен тапсырма.

Балалар қараңдаршы мынау не? деп педагог киіз үйді көрсетеді. Ия киіз үй бүгін біз киіз үйімізді әсем өюлармен өрнектеп әсемдейміз. (Балаларды киіздегі оюлармен таныстыру)

Балаларға ою-өрнек түрлерімен таныстыра отырып, әр затты қолдану мәдениеті туралы әңгімелеу. Ою-өрнекті салу әдіс-тәсілдерін көрсету. Балаларға үлестірмелі карточкаларын тарату. Балалар ою-өрнектерді салу үлгісін қарай отырып жұмысты аяқтайды. Түрлі-түсті бояу, қарындаштарды пайдалана отырып ою-өрнек түрлерін салу.

Балалар жұмыстарын көрмеге іліп, мадақталады. Көңіл күй қапшығынан балалар сыйлықтарын алады.

13. Тақырыбы: «Әсем шарлар аспанда»

Мақсаты: Бала қиялын дамыту, өз бетімен шарларға сурет салып аспанға ұшыру.

Қолданылатын құралдар: түрлі- түсті шарлар, гуашь бояулар.

Ойын барысы: Балаларды көңілді әуенмен қарсы алу. Саусақтарға арналған нейрожаттыруды музыка әуенімен орындау. Балалармен бірігіп, түрлі- түсті шарларды үру арқылы тыныс алу жаттығуларын жасау.

- Балалар бүгінгі көңіл күйлерің қандай? (Көңіл -күй смайликтерін таңдау)

- Ендеше осы шарларымызға да тамаша көңіл- күй сыйлайық! Балалар өз қалаулары бойынша шарларға сурет салады. Салған суреттерін әңгімелету.

Сурет салынған шарларды аспанға ұшыру.

14. Тақырыбы: «Пішіндер арқылы сурет салу»

Мақсаты: Бала қиялын дамыту, жүйелі ойлауын, конструктор арқылы сурет салуға, ара қашықтықты сақтай отырып жұмыс жасауға үйрету.

Қолданылатын құралдар: фланеграф, геометриялық пішіндер жиынтығы, , әртүрлі көлемдегі (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш, тік төртбұрыш) түрлі-түсті картоннан қиылған фигуралар.

Ойын барысы: Психолог фланеграфқа дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш т.б. жапсыра отырып, қарапайым заттарды құрастырады. Мысалы: гүл, машина, үй т.б.

Сонан соң балаларға түрлі-түсті геометриялық пішіндерді таратып: «Менің құрастырған суреттерімді дәл солай қарап отырып құрастырыңыздар» деп тапсырма береді. Жаттығу аяқталған соң, балаларға өз еркімен құрастыртып, ең әдемі суретті мадақтайды.

14. Тақырыбы: «Аяқталмаған суреттер»

Мақсаты: Балалардың жүйелі ойлауын, қиялын дамыту, графикалық дағдысын қалыптастыру.

Қолданылатын құралдар: Аяқталмаған сызба арқылы салынған суреттері бар үлестірмелі кеспелер.

Ойын барысы:

Психолог кезекпен кеспе суреттерді көрсетеді. Балалар суретте не бейнеленгенін табады. Дұрыс жауабын тапқан балаға фишка беріп отырамыз. (ілгек, пішіндер, т.б)

Көп фишка жинаған бала жеңімпаз атанады.

Ескерту: Ойынға арналған кеспе қағаздарды балаларға жасатуға болады

15. Тақырыбы: «Заттар көлеңкесі»

Мақсаты: бала қиялын дамыту, жүйелі ойлауын, суретке деген қызығушылығын дамыту.

Қолданылатын құралдар: қатты қағазда салынған түрлі-түсті суреттер формасы (бала санына қарай), қарындаш, өшіргіш, түрлі-түсті бояулар немесе фломастер (әр балаға).

Ойын барысы: Балаларға карточкаларды таратып: «Балалар, сіздердің алдарыңызда аяқталмаған суреттер бар. Олар толықтырып салуды қажет етеді. Көңілсіз, боялмаған. Сондықтан да, керек бөлшектерін салып, суретті әдемі етіп бояймыз»,- бейнелеуге тапсырма беріледі. Бала қиялымен өрбиді.

16. Тақырыбы: «Тастағы суреттер»

Мақсаты: Бала қиялын дамыту мақсатында әр түрлі пішіндегі дөңгелек тастарға сурет салу. Салған суреттерін әр түрлі бейнелерге ұқсату, әңгімелеу.

Қолданылатын құралдар: дөңгелек тастар, дидактикалық ойындар, бояу қылқалам.

Ойын барысы: Балаларға тастарға салынған суреттерді көрсету. Әр балаға тастарды таратып беріп, қылқаламмен сурет салдыру.

17. Тақырыбы: «Жасырынған суреттер»

Мақсаты: Бала қиялын, ойлауын дамыту. Ұжыммен жұмыс жасауын қалыптастыру.

Қолданылатын құралдар: Сызылған ватман қағазы, бояулар.

Ойын барысы: Балаларды көңілді қарсы алу. Дәстүрден тыс амандасу түрлерін ойлап табу ұсынылады. –Балалар біз қазір бәріміз бірігіп қызықты тапсырманы орындауға дайынбыз ба? Ендеше біз қағаз бетіндегі жасырынған суреттерді табайық!

Сызылған ватман қағаздағы сызықтардан әр түрлі бейнелерді тауып бояу ұсынылады.

18. Тақырыбы: «Суретшіге көмектесеміз»

Мақсаты: Бала қиялын дамыту, жүйелі ойлауын, графикалық контурмен сурет салуға машықтандыру, қызығушылығын арттыру.

Құрал-жабдықтар: Бала санына қарай геометриялық пішіндер мен сызықтар салынған кеспе қағаздар, жай қарындаш, өшіргіш, түрлі-түсті қарындаштар мен фломастер (бала санына қарай)

Ойын барысы: Балаларды көңілді қарсы алу. «Бір, екі, үш шапалақ» ойыны арқылы амандасу.

Балаларға кеспе қағаздарды тарата отырып: «Бір ұмытшақ суретші көрмеге сурет дайындамақ болыпты. Ол әр түрлі пішіндер мен сызықтар салыпты да, сәл ойланып отырып, не салу керек екенін ұмытып қалыпты. Балалар суретшіге көмек керек. Мына әр түрлі пішіндерді әр түрлі суретке айналдырып салыңдар. Мүмкін, сонда ғана суретші не салғысы келгенін есіне түсіретін болар. Соңында суреттерді жинап көрме ұйымдастырамыз.

Ескерту: Балалар салуға қиналса, психолог тақтаға үлгісін көрсету керек. Егер балалардың біреуі тапсырманы тез орындаса, қосымша жұмыс беруге болады

II Тарау «Қызықты сабақ- қиялға қанат»»

19. Тақырыбы: «Суретшілер галереясы»

Мақсаты: Қиялын, жүйелі ойлау қабілетін, өз бетімен жұмыс жасау қабілетін дамыту. Шағын балалар галереясын ұйымдастыру. Балалардың өз қалауы бойынша суреттер бейнелету.

Қолданылатын құралдар: Түрлі үлгі суреттер, түрлі-түсті бояулар. Қарандаш атрибуттар.

Ойын барысы:

- Қайырлы күн балалар! Мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Қәне бәріміз көңілді амандасайық! - Балалар бізге бүгін бояулар патшалығынан хат келген екен. Балаларға суретшілер галереясы болатынын оқып, оған ең әдемі суреттер салу керек екенін түсіндіру. Сурет саламыз ба? Кім қандай сурет салғысы келеді? Немен салғың келеді? Балалар өздері таңдау жасайды. Балалар жауабын тыңдау. Жарайды балалар ендеше біз сиқырлы қарандаш қалпақтарымызды киіп, көзімізді жұмып салатын суреттерімізді көз алдымызға елестетейік. (Бөлмедегі түрлі түсті шамды жағып музыкамен екі колдарын жайып қиялдау) Ендеше дайынбыз ба? Салған суреттерін іліп, әңгімелеп айту. Мадақтау. Галереяға қабылданғанын хабарлау.

20. Тақырыбы: «Үй саламыз»

Мақсаты: Бала қиялын дамыту, ойлауын, кеңістікті бағдарлауын, құрастыру дағдыларын қалыптастыру.

Қолданылатын құралдар: әр түрлі пішіндер, үй бейнеленген текше суреттер, ақ қағаз, түрлі - түсті бояулар.

Ойын барысы: - Сәлеметсіздер ме балалар! Мен сіздерді көргеніме қуаныштымын! Бүгін біз бір-бірімізді тып- тыныш жаңбыр тамшылары сияқты қарсы алайық! (Жылыған дыбыс шығады.)

-Кім екен бұл?

–Балалар ағаш түбінде қоян жылап отыр екен?

–Ақ қоян саған не болды? (Қоян үйі жоқ екенін, үйін қасқыр тартып алғаны туралы айтады. Балалардан көмек сұрайды)

-Балалар көмек береміз бе?

Әр түрлі пішіндерді балаларға таратып текшедегідей үй құрастыруын қадағалау. Ақ қағазға өзі қалаған үйді бейнелету.

21. Тақырыбы: «Қызықты алақан»

Мақсаты: Бала қиялын дамыту, жүйелі ойлауын, бейнелеу әрекеттерін, суретке деген қызығушылығын арттыру.

Қолданылатын құралдар: Алақанға бейнеленген суреттер, түрлі түсті бояулар, майлы бояу, жәй қарандаштар, қайшы, алақан суреттері.

Ойын барысы: Балалармен көңілді амандасу. Қәне бәріміз бір-біріміздің қолымыздан ұстап «Достық ойыны» арқылы амандасайық!

Дос болып біз жүрейік! (қолдарынан ұстау)

Ойнайық та күлейік! (бір-біріне қарап күлу)

Достық деген тамаша! (бас бармақтарын көтеру)

Міне тұрмыз жараса! (аспанға секіру)

Ақ парақ бетіне өз алақандарын айналдырып бастырып шығамыз.

–Балалар, бізде бірдей алақан суреттері шықты.

-Қәне осы алақандарымызды әр түрлі бейнеге айналдырайық. Жәй алақан бейнесін қызықты алақандарға айналдырайық.

22. Тақырыбы: «Жіппен сурет салу»

Мақсаты: қиялды, бейнелі ойлауды, көркемдік талғамын дамыту.

Құрал жабдықтар: екі парақ ақ қағаз, жіп, бояу (гуашь), қылқалам (әр балаға).

Ойын барысы:

Мұғалім балаларға дөңгелек жіпті көрсетеді және бұл жіптің сиқырлы екенін айтады, өйткені жіп сурет салуды біледі. Педагог мұның қалай жасалатынын мұқият қарауды ұсынады. Жіп бояуға батырылады және кез-келген тәртіппен қағаз парағына қойылады.

Үстінен басқа парақпен жабыңыз, төменгі парақты ақырын басыңыз және жіпті бір ұшынан тартыңыз - дерексіз сурет алынады.

Балалар көріп қайталайды және ғажап сурет шығады. Педагог балалардан суреттерге бір немесе бірнеше атау беруді сұрайды.

Көптеген балалардың пікірінше, өз картинасының ең жақсы атауын алған бала мадақталады.

Ескерту. Егер қиындықтар туындаса, сіз қағаз парағын бұруды немесе аударуды, атауды ұжымдық түрде ойлап табуды ұсына аласыз.

23. Тақырыбы: «Табиғатта жоқ жаратылыс»

Мақсаты: Қиялын дамыту, зейінін, жүйелі ойлауын және сөздік қорын дамыту.

Қолданылатын құрал жабдықтар: тақта, түрлі түсті борлар немесе маркер бояулар

Ойын барысы: Балалармен көңілді амандасу. Балалар қалауы бойынша ойындар.

Педагог балаларға ерекше жаратылыс ойлап табуын ұсынады.

- Аң

- Балық

- Құс

- Жәндік

- Өзгеғаламшарлық

Балаларға педагог сұрақ қояды және алынған жауаптарға байланысты тақтаға түрлі -түсті қарындаштармен сурет салады.

Жектектеуші сұрақтар:

- Бұл аңның басы бар ма? Біреу ме? Нешеу? Ол қандай?

- Мойыны қандай?

- Оның денесі қандай?

- Қандай дене мүшелерлері бар (қол, аяқ, табан, қанаттар)?

- көзі, мұрыны, құлағы, құйрығы қандай ?

- Ауызы қандай? (ерін, тіс, тіл)?

- Терісі неден? (жүн, қабыршақ, мамық, т.б.)?

- Жаратылыстың түсі қандай?

Педагог суретті аяқтап, айтады:

- Міне, бізде осындай жаратылыс шықты. Енді ол туралы әңгіме құрастырайық.

Балалар жетектеуші сұрақтарға жауап береді:

- Оның атын не деп атаймыз?

-Мына тіршілік иесі қайда тұрады?

-Ол не жейді?

- Ол не істегенді ұнатады?
- Ол не істегенді ұнатпайды?
- Оның мінезі қандай?
- Неліктен?
- Оның жаулары кімдер?

Ескерту: Келесі жұмыстарда сіз балаларды ерекше жаратылысты өздері ойлап табуға және сурет салуға шақырып, ол туралы сипаттамалық әңгіме айтқызуға болады.

24. Тақырыбы: «Ертегілер елінде»

Мақсат: қиялды, бейнелі ойлауды, эмоциясын, бейнелеу дағдыларын дамыту.

Құрал жабдықтары: әр түрлі мифологиялық тіршілік иелері бейнеленген иллюстрациялар;

қағаз парағы, қарапайым қарындаш, өшіргіш, түрлі-түсті қарындаштар немесе бояулар мен щеткалар жиынтығы (әр балаға).

Ойын барысы:

Ересек балаларға мифтердің не екенін түсіндіреді, әртүрлі халықтардың мифологиясында кездесетін тіршілік иелері туралы айтады, мифологиялық кейіпкерлерге тән кейіпкерлердің қасиеттеріне назар аудара отырып, олардың бейнелерін көрсетеді. Содан кейін балаларға мифологиялық кейіпкерлерді өз бетінше бейнелеуге және бояуға шақырады.

Сурет мысалдары:

а) айдаһар;

б) гном;

в) балық-кит;

г) тролль;

д) су перісі;

ж) кентавр;

3) жыл мезгілдерінің патшайымдары (қыс, көктем, жаз, күз);

(мифологиялық кейіпкерлердің суреттерін көрсете отырып, ең сәтті бейнені жасаған бала мадакталады.)

Ескерту. Егер балалар модельдеу техникасын жақсы меңгерсе, онда сіз оларға пластилиннен мифологиялық кейіпкерлерді мүсіндеуді ұсына аласыз.

25. Тақырыбы: «Бүгін ауа райы қандай?»

Мақсаты: қиялды, бейнелі ойлауды, бейнелеуге деген қызығушылығын арттыру.

Құрал жабдықтар: ауа-райының схемалық кескінінің үлгілері, қағаз парағы, қарапайым қарындаш, өшіргіш (әр балаға).

Ойын барысы:

Педагог балаларға: "балалар, ауа-райы қандай болатынын кім білуі керек деп ойлайсыз? (Балалардың жауаптары.) адамдар алдағы ауа-райына қызығушылық танытады, бірақ ұшатын ұшқыштарға, жүзіп бара жатқан кеме экипаждарына ауа-райын ескеру өте маңызды. Олар үшін суреттерден тұратын арнайы ауа райы картасын дайындайық".

Балаларға қалай белгілеуге болатынын және схемалық түрде бейнелеуге мысал:

- ашық шуақты күн,

- бұлтты күн,
- бүкіл аспан бұлтты,
- жаңбырлы күн,
- қалың қар жауады,
- желді күн,
- теңіздегі жеңіл толқу,
- дауыл

Ескерту. Күн шуақты желді күнді бейнелеуді ұсыну арқылы жаттығуды қиындатуға болады; найзағаймен жаңбыр жауады; бұршақ жауады және т. б.

Қиындықтар туындаған кезде ересек адам ауа-райының схемалық бейнесінің үлгілерін көрсетеді.

II- нұсқа

Педагог ауа-райы туралы ақпарат береді, балалар оларды ұшқыштарға (теңізшілерге, қала тұрғындарына) "хабарлайды".

Сәйкес суретті бірінші болып көрсеткен адам ойынның соңында көбірек ұпай жинаған бала марапатталады.

III - нұсқа

Педагог балаларды екі командаға бөледі, олар кезек-кезек синоптиктер болады (ауа-райының болжамын суреттермен хабарлайды) немесе ұшқыштар (синоптиктер хабарлаған ақпаратты бейнелеу керек).

26. Тақырыбы: « Үрмелі шардың саяхаты»

Мақсаты: қиялды, қарым-қатынас дағдыларын, белсенді ойлауы мен сөйлеуін дамыту.

Құрал жабдықтары: беті боялған үрлемелі шар, тақта; түрлі-түсті қарындаштар жиынтығы (әр балаға).

Ойын барысы:

Педагог балаларға шарды көрсетіп:

Бұл қарапайым шар емес, ол сиқырлы. Ол біздің планетамызды ұзақ уақыт аралап, әртүрлі елдерге барды, көптеген таңғажайып, қызықты нәрселерді көрді, жаңа достар тапты. Біздің шар қайда саяхаттағанын табайық. Борды алып және ол барған жерлерді сызамыз. Содан кейін біз бәріміз бірге оның саяхаты туралы ертегі құрастырамыз". Топтарға бөліп үрмелі шарды бейнелеу.

Ескерту. Бұл ойын жаттығуы барлық балалардың іс-әрекеттерінде үйлесімділікті, ұжымда жұмыс істей білуді талап етеді. Сондықтан ересек адам балаларға рөлдерді бөлуге, сол немесе басқа суреттің орнын таңдауда ұсыныстар беруге көмектеседі. Жеке сюжеттерді бейнелеу үшін балаларды топтарға бөлуге болады. Ең бастысы, әр баланың идеясы бірлескен шығармашылықта көрініс табуы тиіс.

III Тарау «Қыран жетпеген жерге қиял жетеді»

27. Тақырыбы: «Сиқырлы көзәйнек»

Мақсаты: қиялды, бейнелеу дағдыларын дамыту, ойлау мен сөйлеуді белсендіру.

Құрал жабдықтар: қағаз парағы, қарапайым қарындаш, өшіргіш, түрлі-түсті қарындаштар немесе бояулар мен щеткалар жиынтығы (әр балаға).

Ойын барысы:

Педагог балаларға: "балалар, бірде-бір адам ертең, бір аптадан кейін, бір айдан кейін, бір жылдан кейін, тіпті одан да көп он, екі жылдан кейін не болатынын нақты біле алмайды яғни болашақта. Әрине, көп нәрсе өзгереді, бірақ ешкім білмейді. Келіңіздер, Қиялдайық, болашақтың суреттерін алдын-ала ойластырып, оларды салуға тырысайық"- деп айтады.

Сурет мысалдары:

- «болашақ автомобиль»
- «менің арманымдағы үй» (өзі өмір сүргісі келетін болашақтағы үй)
- «ғарыш кемесі»
- «фантастикалық пейзаж» (алыс болашақтағы жер немесе болашақта ашылатын белгісіз планета).

Сурет салу аяқталғаннан кейін ересек адам балаларға суреттерді көрсетіп, олар туралы сөйлесуді ұсынады.

Ең ерекше бейнені жасаған және кескіннің жеке бөлшектерінің мақсатын түсіндіре алған бала марапатталады. (балалардың барлығын бірдей марапаттау)

28. Тақырыбы: «Модельдер үйі»

Мақсаты: қиялды, бейнелі ойлауын, бейнелеу дағдыларын, көркемдік талғамдарын дамыту.

Құрал жабдықтар: қуыршақтың картон моделі, қағаз парағы, қарапайым қарындаш, өшіргіш, түрлі-түсті қарындаштар жиынтығы (әр балаға).

Ойын барысы: Балалармен көңілді амандасып, қарсы алу.

Педагог балаларға қуыршақ модельдерін таратады және былай дейді:

"Әр сәнгер өзінің киім топтамасын жасауға тырысады, оның модельдерін басқалардан ерекшелендіруге тырысады.

Бұл оңай емес, өйткені киімнің кімге арналғанын, оны қайда киетінін, жылдың төрт мезгілдерін ескеру керек. Елестетіп көріңізші:

- сіздер модельдер үйінде жұмыс істеп жатырсыз және киім топтамасын бейнелеңіз.

Жинақ мысалдары:

- жаз, демалыс және жағажай;
- көктем
- күз;
- қыс;
- жұмыс киімдері
- кешкі көйлек,
- үй киімі;
- спорттық киім;
- мектеп формасы;

Берілген тақырыпқа сәйкес келетін ең қызықты топтаманы жасаған балаларды өздері таңдау.

29. Тақырыбы: «Жаттығу ойлап тап»

Мақсаты: қиялды, бейнелі ойлауды, кеңістікті бағдарлауын, жалпы моториканы, графикалық дағдыларды дамыту.

Құрал жабдықтар: гимнастикалық жаттығу жасаушы адамның схемалық суреттері бейнеленген текшелер.

қағаз парағы, қарапайым қарындаш, өшіргіш (бала санына).

Ойын барысы: Педагог белгілі бір қимылдарды орындаушы адамның схемалық бейнесін көрсетеді.

Суретке мұқият қараңыздар. Суретте гимнастикалық жаттығулар жасаған адамдар бейнеленген. Қәне мен көрсеткен текшедегі жаттығуларды қайталайық. (балаларға текшелерді кезекпен көрсетеді, балалар орындайды) Жаттығудан соң балаларға таза текшелер таратып, жаттығу жасаған адамның схемасын салуын сұрайды.

Сабақ соңында балалар суреттермен алмасып жаттығуды орындайды.

30. Тақырыбы: «Ең көңілді»

Мақсаты: Бала қиялын, бейнелі ойлауын, эмоциясын, бейнелеу дағдыларын дамыту.

Құрал жабдықтар: қағаз, бояулар және қылқалам. (әр балаға)

Ойын барысы: Балаларды көңілді қарсы алу. Қызықты сәлемдесу ойынын ойлап табу. Педагог балаларға ең көңілді нәрсені ойлап табуды ұсынады. Ең көңілді суретті салып әңгімелеу. Балаларды мадақтау.

Ескерту: «Ең мейірімді», «Ең қатыгез», «Ең әдемі», «Ең бақытты» салуды ұсынуға болады.

31. Тақырыбы: «Саусақпен сурет салу»

Мақсаты: Бала қиялын, бейнелі ойлауын, ұсақ моторикасын, бейнелеу дағдыларын дамыту.

Құрал жабдықтар: қағаз парақтары, тіс пастасымен араласқан гуашь бояулары, майлықтар. (әр балаға)

Ойын барысы: Балаларды көңілді қарсы алу. Қызықты сәлемдесу ойыны

Педагог балаларға саусақтармен сурет салуды ұсынады. Картина түрлері туралы әңгімелеп, видеороликтер көрсету.

Картиналар түрлері:

- пейзаж
- натюрморт
- портрет

Балалар суреттерін аяқтаған соң қандай сурет салғаны туралы әңгімелеу. Балаларды мадақтап, суреттерін көрмеге қоямыз.

32. Тақырыбы: «Егер де мен ...»

Мақсаты: балаларды қиялдауға үйрету.

Құрал жабдықтар: түрлі -түсті борлар.

Ойын барысы. Педагог балаларға әртүрлі тақырыпта қиялдап көруді ұсынады:

- «Егер де мен сиқыршы болсам» (Қандай? Не себептен? Не істер едің және т.с.с.);
- «Егер де уақыт жоғалып кетсе» (Бұның қандай жақсылығы бар? Жамандығы қандай?);
- «Егер де мен елсіз аралда қалсам» (Не істер едің?);
- «Егер менде көп ақша болса» (Бұл қасиетті қандай жағдайда қолданар едің?);
- «Егер де ғалымдар аспанға дейін өсетін өсімдіктің ұрығын ойлап тапса» (Ұрықтың түрі қандай болар еді? Оның өсуіне қандай күтім қажет?);
- «Егер де көктем ешқашан шықпаса» (Өсімдіктермен, жануарлармен, адамдармен не болмақ? Жаз қандай болмақ?);
- «Егер де мен үйден биік болсам» (Айналадан қандай жаңа нәрсе көрер едің? Кімге және қандай көмек көрсетер едің?);
- «Егер де мен құмырсқаның көлеміндей болсам» (Айнала қалай өзгерер еді, неге?);
- «Егер ойыншықтар тіріліп, сөйлеп кетсе» (Олар не айтарар еді?);
- «Егер адамдар ұрысуды доғарып, достықта өмір сүрсе не болмақ» (Ол үшін балалар не істей алады?) және т.с.с.

Әр кезде педагог ойынға әртүрлі тақырыптарды ойластыруы мүмкін. Балалар оларды талдап және ең жақсы жауапты таңдайды. Ұнаған тақырыптарына қарай еркін бормен асфальтқа суреттер салу және әңгімелеу.

33.Тақырыбы: «Сиқыршылар»

Мақсаты: объектінің мінез-құлқын түс арқылы ажырата білуді үйрету.

Құрал жабдықтар: сиқыршылардың боялмаған суреті, түрлі-түсті қарындаштар.

Ойын барысы: Педагог балаларға екі сиқыршының боялмаған суреттерін таратып, бұл екі сиқыршының мінезі екі түрлі екенін түсіндіреді: біреуі – мейірімді, екіншісі – қатал. Бұл айырмашылықты бала бояудың түсімен көрсетуі қажет.

Тапсырманы орындап болғаннан кейін тәрбиеші балалармен бірге әрбір суретті талдай: бала сиқыршыларды қалай бояды, қандай және қанша түстерді қолданды, суретте қандай шығармашылық элементтер бар. Дұрыс орындалған суретті таңдап алады.

Диагностикалық жұмыстар

Тобы: «Балапан» Ересек тобы (3-4жас) 22 бала

Тақырыбы: «Үйдің суретін сал»

Мақсаты: Баланың шығармашылық қиялын анықтау

Нұсқау: Балаға бір парақ қағаз, түрлі-түсті қаламдар беріліп, өз ойынан ерекше бір нәрсенің суретін салу ұсынылады. Тапсырманы орындауға 4 мин уақыт беріледі. Төмендегі белгілер бойынша салынған суреттің сапасы бағаланады.

№	Аты- жөні	«Үй салу»
1	А. А	Ж
2	Ж. Ж	О
3	Т. А.	Ж
4	А. А.-1	О.Ж
5	А.Ф	О.Ж
6	Ә.А	О
7	Ә. А-2	Ж
8	Ж.Қ	О.Ж
9	Ә. А-3	О.Ж
10	А.А-2	Ж
11	Б. Е	О.Ж
12	Ж. Е	О.Ж
13	Ж. Д.	О.Ж
14	Р.Н.	О.Ж
15	М. М.	О
16	М. Н.	О.Ж
17	М. Н-2	О
18	М.А.	Ж
19	Н. Е.	О
20	С. Р	О.Ж
21	С. А.	О
22	С.Қ.	О.Ж

Нәтижені бағалау:

5 ұпай – бала берілген уақыт ішінде өзгеше сирек кездесетін сурет салды, ол қиялының бай екендігін дәлелдейді. Ондағы бейнелер мен бөлшектер мұқият таңдалынған.

4 ұпай – бала белгілі дәрежеде қияли деңгейде эмоционалды сурет салған. Алайда бейнеленгенді мүлдем жаңа деп санауға болмайды. Суреттің бөлшектеріне өз ойын жеткізген.

3 ұпай – баланың ойынан шығарған суретін толықтай жаңа деп есептеуге болмайды, бірақ та шығармашылық қиялдың элементтері бар, Суреттің бейнелері мен бөлшектері орташа анықталған.

2 ұпай - бала өте қарапайым, өзгеше емес үйдің суретін салған және қиялы жұпыны, бөлшектері онша жақсы анықталмаған, анық емес.

1 ұпай – берілген уақыт ішінде бала ешнәрсе ойластыра алмай, тек бөлек сызықтар ғана салған.

Даму деңгейінің нәтижелері:

5 ұпай - өте жоғары

4 ұпай – жоғары

3 ұпай – орташа

2 ұпай – төмен
0-1 ұпай - өте төмен

Тобы: «Балапан» Ересек тобы (3-4жас) 22 бала

Тақырыбы: «Батыр қоян»

Мақсаты: Баланың қиялын анықтау.

Орманды бір қоян мекен етіпті. Барлығы оны «қорқак» деп мазақтайды екен. Бірақ бір күні барлық аңдар қоянның нағыз батыр екенін түсінді. Ол былай болған еді... (балалар өз қиялдары бойынша әңгімелейді) Ойланып, әңгіме құруға 1 минут, ал оны қайталап айтуға 2 минут уақыт беріледі.

№	Аты- жөні:	«Батыр қоян»					
		1	2	3	4	5	
1	А. А	2	2	2	2	2	10 жоғ
2	Ж. Ж	1	1	1	1	1	5 орт
3	Т. А.	2	2	2	2	2	10 жоғ
4	А. А.-1	2	2	2	2	2	10 жоғ
5	А.Ф	1	1	1	1	1	5 орт
6	Ә.А	1	1	1	1	1	5 орт
7	Ә. А-2	2	2	1	2	1	8 жоғ
8	Ж.Қ	1	1	1	1	1	5 орт
9	Ә. А-3	2	1	2	1	1	7 орт
10	А.А-2	2	2	2	2	1	9 жоғ
11	Б. Е	1	1	1	1	1	5 орт
12	Ж. Е	1	1	1	1	1	5 орт
13	Ж. Д.	1	1	1	1	1	5 орт
14	Р.Н.	2	1	1	1	2	7 орт
15	М. М.	1	1	1	1	1	5 орт
16	М. Н.	1	1	0	1	1	4 орт
17	М. Н-2	1	1	1	1	1	5 орт
18	М.А.	2	2	1	2	2	9 жоғ
19	Н. Е.	2	2	2	1	2	9 жоғ
20	С. Р	1	1	1	1	1	5 орт
21	С. А.	1	1	1	1	1	5 орт
22	С.Қ.	1	1	1	1	1	5 орт

Қорытынды баға

Бұл әдісте баланың қиялының даму дәрежесі төмендегі шамалар бойынша бағаланады:

- 1.Әңгімені ойлану жылдамдығы;
- 2.Әңгіменің өзіндік құрылымы, ерекшелігі;
- 3.Әңгімеге пайдаланған бейнені түрлендіру;
- 4.Әңгімеде алынған бейнені анықтауы және талдауы;
- 5.Әңгімеде алынған бейненің сезімділігі, әсерлілігі

1-көрсеткіш бойынша

- Егер бала әңгіме құруға 30 сек уақыт жұмсаса –2 ұпай
- 30 секундтан 1 минутқа дейін уақыт жұмсаса –1 ұпай
- 1 минут ішінде әңгіме ойлап таба алмаса – 0 ұпай

2 – көрсеткіш бойынша:

- Егер бала бұрын көргенін, не естігенін қарапайым және жаттанды түрде әңгімелесе –0 ұпай

- Бұрын көргеніне, не естігеніне өз ойын қосса – 1 ұпай

- Әңгіменің құрылымы мен ерекшелігін түгел өзі ойлап тапса –2 ұпай

3 – көрсеткіш бойынша:

- Егер бала әңгіменің басынан аяғына дейін бір кейіпкердің (жағдайын, затын) мінез-құлқын жалаң түрде қайталап айта берсе – 0 ұпай

- Әңгімеде әртүрлі бейне қолданса, 2-3 кейіпкер кездессе және оларға әртүрлі мінездеме берілсе – 1 ұпай

- Әңгімеде 4 және одан да көп кейіпкерлер болса және әңгімелеуші оларға әртүрлі бағытта мінездеме берсе – 2 ұпай

4 –көрсеткіш бойынша:

- Егер бала әңгімеде кейіпкерді атап қойып, оған қосымша мінездеме бермесе – 0 ұпай

- Әңгімеде кейіпкерді атаса және басқа 1-2 белгі көрсетсе –1 ұпай

- Әңгімеде айтылған затты үш және одан да көп белгімен мінезделсе – 2 ұпай

5 – көрсеткіш бойынша:

- Егер әңгімедегі бейне тыңдаушыға ешқандай әсер қалдырмаса, әңгімелеуші өз тарапынан ешқандай сезім тудырмаса –0 ұпай

- Әңгімелеуші өз сезімін жеткізе алмаса, тыңдаушы оны әсерсіз қабылдаса –1 ұпай

- Әңгімелеуші әңгімесін үлкен сезіммен, мәнерлеп жеткізсе және тыңдаушыларға жақсы әсер қалдырса –2 ұпай

Қиял деңгейінің көрсеткіші

10 ұпай - өте жоғары

8-9 ұпай – жоғары

4-7 ұпай – орташа

2-4 ұпай – төмен

0-1ұпай - өте төмен

Тобы: «Балапан» Ересек тобы (3-4жас) 22 бала

Тақырыбы: «Мүсін» әдістемесі

Мақсаты: Баланың шығармашылық қиялын анықтау

Әдістеме мазмұны: Балаға ермексаз немесе түрлі түсті слаймдар жинағы беріледі және тапсырма ұсынылады: 5 минут ішінде қандай да бір мүсін жасау.

0-ұпай: егер тапсырманы орындауға берілген уақытта (5мин) ештеңе ойлап таба алмаса және қолымен жасай алмаса қойылады..

1- ұпай: ермексаздан өте қарапайым бір нәрсені ойластырып және илеу.

Мысалы: шарик, таяқша, төртбұрыш және т.с.с.

2- ұпай: ол салыстырмалы түрде қарапайым бөлшектер жасайды, бөлшектер екі-үшеуден аспайды.

3- ұпай: ерекше бір нәрсені ойлап тауып, қиял ұшқырлығымен ерекшеленеді.

4- ұпай: ойлап тапқан зат жеткілікті керемет, бірақ ұсақ бөлшектерді жасау ескерілмеген.

5 ұпай: ойлап тапқан зат керемет, ұсақ –түйектері орындалған және жақсы суретшілік талғаммен ерекшеленген

Даму деңгейі туралы қорытынды

5 ұпай: өте жақсы.

4- ұпай: жақсы

3- ұпай: орташа деңгей

2- ұпай: төмен деңгей

№	Аты- жөні	«Мүсін»
1	А. А	5 жоғ
2	Ж. Ж	3орт
3	Т. А.	5жоғ
4	А. А.-1	4орт.жоғ
5	А.Ф	4орт.жоғ
6	Ә.А	3орт
7	Ә. А-2	5жоғ
8	Ж.Қ	3орт
9	Ә. А-3	4орт.жоғ
10	А.А-2	5жоғ
11	Б. Е	4орт.жоғ
12	Ж. Е	3орт
13	Ж. Д.	3орт
14	Р.Н.	4орт.жоғ
15	М. М.	3орт
16	М. Н.	3орт
17	М. Н-2	3орт
18	М.А.	5жоғ
19	Н. Е.	4орт.жоғ
20	С. Р	3орт
21	С. А.	5жоғ
22	С.Қ.	3орт

Қиял көріністерінің диагностика қорытындысы

№	Аты- жөні	«Үй салу»	«Батыр қоян»	«Мүсін»	
1	А. А	5	5	5	5.0
2	Ж. Ж	3	3	3	3.0
3	Т. А.	5	5	5	5.0
4	А. А.-1	4	5	5	4.6
5	А.Ф	4	3	5	4.0
6	Ә.А	3	3	3	3.0
7	Ә. А-2	5	5	5	5.0
8	Ж.Қ	4	3	3	3.3
9	Ә. А-3	4	3	4	3.6
10	А.А-2	5	5	5	5.0
11	Б. Е	4	3	4	3.6
12	Ж. Е	4	3	3	3.3
13	Ж. Д.	4	3	3	3.3
14	Р.Н.	4	3	4	3.6
15	М. М.	3	3	3	3.0
16	М. Н.	4	3	3	3.3
17	М. Н-2	3	3	3	3.0
18	М.А.	5	5	5	5.0
19	Н. Е.	4	4	4	4.0
20	С. Р	4	3	3	3.3
21	С. А.	4	3	5	4.0
22	С.Қ.	3	3	3	3.0

Барлығы: 22

Жоғары – 5


Ортадан жоғары -12

Орта – 5

Ортадан төмен- 0

Төмен - 0


Қыркүйек айы



Барлығы: 22

Ж - 0 О.Ж - 9 О - 7 О.Т - 4 Т - 2


Қаңтар айы



Барлығы: 22

Ж - 3 О.Ж - 15 О - 3 О.Т - 1 Т - 0


Мамыр айы



Барлығы: 22

Ж - 5 О.Ж - 12 О - 5 О.Т - 0 Т - 0

2022-2023 оқу жылы

































Қолданылған әдебиеттер:

1. Дьяченко О.М. Воображение дошкольника.1986 г.
2. Казакова Т.Г. Развивайте у дошкольников творчество. 1985г.
3. Новлянская З.Н.Почему дети,фантазируют?. 1978 г.
4. Ильина М.В. Развитие невербального воображения .2003 г.
5. Роньжина А.С. Занятия психолога с детьми 2-4-х лет в период адаптации к дошкольному учреждению.2004
6. Қызықты психология. 2012ж.
7. Эстетическое воспитание в детском саду.-1985г.
8. Жантану.2014ж
9. Выготский Л.С. Воображение и творчество.-1966г.
10. Книга для талантливых детей и заботливых родителей.-1994г.
11. КомароваТ.С. Изобразительная деятельность в детском саду; обучение и творчество.-Педагогика,1990г.
12. Казакова Т.Г.Развивайте у дошкольников творчество.1985г.
- 13.Нұрмұханбетова Т.Р. Тәжірибелік психология, III том. Шымкент 2008 ж.
- 14.Алдамұратов Ә.Қызықты психология.А,«Қазақ университеті», 1992 ж
15. Алдамұратов Ә., М. Мұқанов. Психология пәнінен лабораториялық практикалық сабақтар. Бірінші бөлім. А, 1978; Екінші бөлім.1979 ж
- 16.Жарықбаев «Жантану негіздері» Алматы, 2002 жыл.
- 17.Мухина В.З. «Детская психология» М. 1976г.